

Паспорт образовательной программы

Дата регистрации в Реестре

2022.06.10 08:36

Регистрационный номер

14185

Дата обновления паспорта ОП:

2022.06.10 08:36

Код и наименование специальности:

07230100 Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу

Код и наименование квалификации/квалификаций:

3W07230102 Арнайы тігінші

Регион:

Атырау облысы

Организация ТИППО (Разработчик):

" Қызылқоға аграрлы-техникалық колледжі" КМҚК

Партнеры-разработчики:

ЖК "Темірбаева Б.Р."

Цель ОП:

Заманауи технологиялық жабдықтарда жұмыс істеу, әр түрлі материалдардан бұйым тігу операцияларын машиналарда немесе қолмен орындау, бөлшектерді, тораптарды және дайын бұйымдарды өңдеу сапасын тексеру жөніндегі практикалық міндеттерді өз бетінше және жауапкершілікпен шешуге қабілетті мамандарды даярлау.

Уровень по НРК:

3

Уровень по ОРК:

3

Профессиональный стандарт (при наличии):

« Тігін өндірісі " кәсіби стандарты, «Атамекен» Қазақстан Республикасы Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Басқарма төрағасының №345 бұйрығы 19.12.2018 ж.

Профессиональный стандарт WorldSkills (при наличии):

WSOS кәсіптік стандарттар WorldSkills WSC2022_WSOS31 " Сән технологиялары" құзыреттілігі

Форма обучения:

күндізгі

База образования:

негізгі орта білім

Язык обучения:

мемлекеттік

Общий объем кредитов:

180

Дата рассмотрения ОП на методическом (учебно-методическом/научно-методическом) совете организации образования об одобрении паспорта ОП (выписка из протокола заседания) с согласованием работодателя и/или индустриального совета:

05.05.2022 ж.

Номер лицензии на занятие образовательной деятельностью:

№14009529

Номер приложения к лицензии на занятие образовательной деятельностью:

KZ45BFA00144661

Дата прохождения специализированной аккредитации по данной специальности (при наличии):

-

Отличительные особенности ОП:

-

Сведения о содержании модулей/дисциплин:

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
ЖБП 1. Қазақ тілі	Қазақ тілін ана тілі ретінде тани отырып, өмірлік қажеттіліктерінде коммуникативтік әрекеттер түрінде (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым) сауаттылықпен қолдану, күнделікті өзі еркін қолданып жүрген қарым - қатынас құралынан оны тілдік заңдылықтар негізінде танып - білу дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қазіргі қоғам құндылықтары: мәдениет және өркениет. Сөз мәдениеті», «Индустрияландыру: ұлттық өндіріс. Сөз мәдениеті», «Адамзат дамуының жаһандық мәселелері», «Адам өмірін сақтау. Тілдік жүйе және норма», «Сәулет өнері», «Қазақстан бүгінгі әлемде: Қазақстанның өткені мен келешегі», «Экология: ядролық және мұнай өндірістері», «Қазіргі қоғам: миграция және зияткерлік миграция», «Әлемді өзгерткен өнертабыстар», «Туризм: экотуризм».	3/72
ЖБП 2. Қазақ әдебиеті	Креативті ойлауға бағыттау, ойларын ауызша еркін жеткізуіне және жаза білуіне қолдау көрсету, дәлелдер келтіру, салыстыру және анализ жасау, бағалау дағдыларын	3/72

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
	<p>қалыптастыру. Білім алушылар әдеби жанрларға эксперимент жасау арқылы драмалық шығарманы проза тілімен, прозаны поэзия тілімен жазу тәсілдерін меңгере алады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Қалың елім, қазағым», «Қазақтың Қанышы», «Парасат пайымы», «Тарих тағылымы», «Кеңістік пен уақыт», «Зобалаң заман шындығы», «Ғасырлық туынды», «Табиғат және адам».</p>	
ЖБП 3. Орыс тілі және әдебиеті	<p>Орыс тілі мен әдебиетін кіріктірілген оқыту негізінде тілдік дағдыларды жетілдіруге ықпал етеді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастырады және дамытады, ғылыми-техникалық, көркем-эстетикалық, әлеуметтік салалардағы ақпаратты пайдалануға мүмкіндік береді, жалпы әлемдік білім беру кеңістігінде бағдарлануға көмектеседі. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Туризм: Экотуризм», «Человек и Родина», «Наука и этика», «Планета. Земля. Океаны», «Литература и искусство», «Тема социального неравенства в СМИ и литературе», «Торговля и помощь. Справедливая торговля», «Значение труда в жизни человека и общества», «Показатель развития общества: экология, биоресурсы», «Свободное время как показатель развития общества», «Человек и история», «Энергия будущего. Энергия слова», «Мир и безопасность», «Театр и кино в современном мире», «Высшая ценность – права человека», «Современное общество: миграция».</p>	4/96
ЖБП 4. Шетел тілі	<p>Білім берудің алдыңғы сатысында қол жеткізілген шет тілін меңгерудің бастапқы деңгейін арттырады, студенттердің тұрмыстық, мәдени, кәсіби және ғылыми қызметтің әртүрлі салаларындағы әлеуметтік-коммуникативтік міндеттерді шешу үшін қажетті және жеткілікті коммуникативтік құзыреттілік деңгейін меңгеруіне ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: « Legend or Truth», «Natural Disasters», «Virtual</p>	4/96

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
	reality», «Organic and non-organic worlds», «Reading for pleasure», «Capabilities of human brain», «Breakthrough technologies», «Space X», «Making connections in biology», «Investigate and report on animal world bats eagles bees and dolphins», «Human brain», Investigate and report on timekeeping devices/Science video», «Work and inventions», «STEM», «Reading for Pleasure», «Independent project», «The clothes of chemistry».	
ЖБП 5. Қазақстан тарихы	Қазақстан аумағындағы қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдеріндегі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси және мәдени дамуының негізгі мәселелері туралы білім қалыптастыру, тарихи қалыптасқан мәдени, ұлттық дәстүр, әлеуметтік және адамгершілік нормаларды білімалушылардың түсінуі негізінде оларда азаматтылық пен қазақстандық бірегейлікті, дүниетанымдық ұстанымдарды тәрбиелейді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".	4/96
ЖБП 6. Дүниежүзі тарихы	Әртүрлі тарихи кезеңдегі қоғамдағы негізгі этникалық, әлеуметтік, экономикалық, саяси, мәдени мәселелер туралы білімдерді қалыптастыру, тарихи кезеңдер бойы адамзат қалыптастырған патриотизмді, толеранттылықты, гуманистік ғұрыптар мен демократиялық құндылықтарды құрметтеуге тәрбиелеп, әлемдік-тарихи процесс туралы толық біртұтас білім қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Этникалық және әлеуметтік процестер", "Мемлекет, соғыс және революциялар тарихынан", "Мәдениеттің дамуы", "Өркениет: даму ерекшеліктері", "Саяси-құқықтық процестер", "Қоғамдық-саяси ойдың дамуы", "Білім мен ғылымның дамуы".	3/72
ЖБП 7. Математика	Жеке тұлғаның зияткерлік қасиеттерін	8/192

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
	<p>дамытуға бағытталған математика негіздерін сапалы меңгеруге, математикалық білім, білік және дағдыларын әрі қарай қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау, әртүрлі мәнмәтіндегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, сандық қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге ықпал етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p> <p>"Функция, оның қасиеттері және графигі", "Тригонометриялық функциялар", "Көпмүшелер", "Математикалық статистика және ықтималдықтар теориясы", "Дәреже мен түбір. Дәрежелік функция", "Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар", "Функцияның шегі және үзіліссіздігі", "Туынды және оның қолданылуы", "Алғашқы функция және интеграл", "Комплекс сандар", "Дифференциалдық теңдеулер", "Стереометрия аксиомалары. Кеңістіктегі параллельдік және перпендикулярлық", "Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар", "Көпжақтар", "Айналу денелері және олардың элементтері", "Денелер көлемдері".</p>	
ЖБП 8. Информатика	<p>Білім алушылардың ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлі жайлы, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективалары туралы түсінігін қалыптастыру, білім алушыларға жүйені талдау, шешім ұсыну, бағдарламалық қосымшалар жасау, оларды дамытып жетілдіру, сонымен қатар, өздерінің өнімдерін бағалау мүмкіндігін беру мақсатында компьютердің жұмыс істеуінің негізгі қағидаларын түсінуін қамтамасыз етеді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады:</p> <p>"Аппараттық және программалық қамтамасыз ету", "Деректерді ұсыну", "Ақпараттық процестер мен жүйелер", "Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру", "Қосымшаларды әзірлеу", "Компьютерлік желілер және ақпараттық қауіпсіздік".</p>	2/48

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
ЖБП 9. Өзін-өзі тану	<p>Әр адамның бойында табиғатынан бар жалпыадамзаттық құндылықтарды ашу, жағымды ойлауды, жақсылық пен жамандық, мәңгілік пен уақытша арасын ажырата алуды және тереңнен ойлай білуді дамыту, адамзаттың рухани мұрасымен таныстыра отырып, білім алушылардың ішкі жан-дүниесін байытады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: «Таным жолында», «Тұлғаның қалыптасуы», «Қоғамдағы өмір», «Адамзат әлемі».</p>	2/48
ЖБП 10. Физика	<p>Білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғаттытанудың ғылыми әдістерді меңгеруіне ықпал ету, білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін дамытуға, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Механика", "Жылу физикасы", "Электр және магнетизм", "Электромагниттік тербелістер", "Электромагниттік толқындар", "Оптика", "Салыстырмалы теорияның элементтері", "Кванттық физика", "Нанотехнология және наноматериалдар", "Космология".</p>	6/144
ЖБП 11. Химия	<p>Практикалық-бағытталған білімді, ұғымдарды, химия ғылымының теориясы мен заңдарын меңгеру, табиғатта, зертханада, өндірісте және күнделікті өмірде болатын химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру іскерліктерін меңгертеді. Химиялық эксперимент жүргізу барысында білім алушылардың танымдыққызығушылықтары мен интеллектуалдық қабілеттерін дамытады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Заттардың бөлшектері", "Периодтылық.Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары", "Химиялық реакциялар энергетикасы", "Химия және қоршаған орта", "Химия және өмір".Химия және өмір.</p>	6/144

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
ЖБП 12. География	Оқушылардың бойында географиялық кеңістіктік ойлауды, географиялық мәдениет пен тілді дамытады, геоэкологиялық, геосаяси, геоэкономикалық, әлеуметтік үдерістер мен құбылыстарды зерттеу үшін ғаламдық, аймақтық және жергілікті ұстанымдардың түсінуін дамытады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Географиялық зерттеу әдістері", "Картография және геоинформатика", "Табиғатты пайдалану және геоэкология", "Геоэкономика", "Геосаясат", "Елтану", "Адамзаттың ғаламдық проблемалары".	3/72
ЖБП 13. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық	Әскери анттың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жарғыларының негізгі талаптары туралы білімін қалыптастыру, әскери бөлімдердің қару-жарағы мен әскери техникасы, жеке құрамның өмірі мен орналасуымен таныстыру, қажетті әскери білім мен практикалық дағдыларды ақпараттық технологияны пайдалана отырып робототехникада, дөңгелекті машиналарды жүргізудің негіздері және төтенше жағдайда адам өмірі қауіпсіздігі негіздерінде қалыптастырады. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері – мемлекеттік қауіпсіздіктің кепілі", "Әскери қызметтің құқықтық негіздері", "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары", "Тактикалық дайындық", "Атыс дайындығы", "Саптық дайындық", "Әскери топография", "Әскери роботты техникалардың негіздері", "Өмір қауіпсіздігі және ақпараттық технологиялар негіздері", "Технологиялық дайындық".	4/96
ЖБП 14. Дене тәрбиесі	Денсаулықты нығайту, дененің негізгі физикалық сапаларын дамыту және ағзаның қызмет ету мүмкіндіктерін арттыру; базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру; өз денсаулығына	5/120

Наименование № модуля/дисциплины	Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
	қамқорлықпен қарау, оны нығайту және сақтау қажеттіліктерін тәрбиелейді. Пәннің мазмұны келесі бөлімдерден тұрады: "Дене шынықтыру туралы білім", "Дене тәрбиесі құралдары", "Гимнастика", "Ұлттық спорт түрлері", "Қысқы спорт түрлері", "Жүзу".	
БМ 1. Дене қасиеттерін дамыту және жетілдіру	ОН 1.1. Денсаулықты нығайту және салауатты өмір салты қағидаттарын сақтау.	3/72
	ОН 1.2. Дене қасиеттері мен психофизиологиялық қабілеттерді жетілдіру.	2/48
БМ 2. Ақпараттық-коммуникациялық және цифрлық технологияларды қолдану	ОН 2.1. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негіздерін меңгеру.	2/48
	ОН 2.2. Ақпараттық-анықтамалық және интерактивті веб-порталдардың қызметтерін пайдалану.	2/48
БМ 3. Экономиканың базалық білімін мен кәсіпкерлік негіздерін қолдану	ОН 3.1. Экономикалық теория саласындағы негізгі мәселелерді меңгеру	2/48
	ОН 3.2. Кәсіпорында болып жатқан экономикалық процестерді талдау және бағалау	3/72
	ОН 3.3. Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру мен жүргізудің ғылыми және заңнамалық негіздерін меңгеру.	2/48
	ОН 3.4. Іскерлік қарым-қатынас этикасын сақтау.	2/48
КМ 1.Тігін бұйымдарының құрылымдары мен өрнектерінің сызбаларын орындау	ОН 1.1. Техникалық сурет түрінде киім эскиздерін орындау.	6/144
	ОН 1.2. Тігін бұйымдарының базалық конструкцияларының сызбаларын әзірлеу.	13/312
	ОН 1.3.Базалық өрнектерді модельдік түрлендіру.	11/264
	ОН 1.4. Тігін бұйымдарының өрнектерін рәсімдеу.	10/240

Наименование № модуля/дисциплины		Результаты обучения/Краткое описание дисциплины	Объем кредитов/ча
	КМ 2. Жеке тапсырыс бойынша киім модельдерін тігу	ОН 2.1. Бұйымдарды пішу және бөлшектерді кесу, қию операцияларын орындау.	5/120
		ОН 2.2. Ұтымды әдістер мен тәсілдерді қолдана отырып, тігудің технологиялық операцияларын орындау.	6/144
		ОН 2.3. Әр түрлі ассортименттегі киім модельдерін жеке тапсырыс бойынша тігу.	6/144
		ОН 2.4. Әр түрлі ассортименттегі бұйымдардың соңғы ылғалды-жылумен өңделуі мен әрлеуін орындау.	3/72
		ОН 2.5. Киімді жөндеу және жаңарту бойынша жұмыстарды орындау.	27/648
	КМ 3. Тігілген модельдермен үлгілердің сапасын бақылау	ОН 3.1. Әр түрлі ассортименттегі бұйымдардың әзірлену сапасына ішкі процестік бақылау.	5/120
		ОН 3.2. Әр түрлі ассортименттегі бұйымдарды өңдеу және түпкілікті әрлеу ақауларын анықтау.	5/120
	Аралық, қорытынды аттестаттау	-	8/192